

Бұқар жырау ауданының «Ынтымақ НОМ» КММ

**2023-2024 оқу жылында жүргізген
жұмыс есебі**

Кітапханашы: Ж.Т. Байдалина

2023-2024 оқу жылы

Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі – мектеп кітапханасы. Халқымыздың қилы тарихын, өнегелі әдеп-ғұрпы мен салт-дәстүрін, мәдени мұраларын, әдебиет қазыналарын, тереңнен толғайтын сөз өнерін оқырмандарға кітап арқылы насихаттайды. Білім министрлігі бекіткен тізімі бойынша Білім басқармасына қажетті оқулықтар мен әдістемелік құралдарға және көркем әдебиеттерге сұраныстар беру арқылы кітапхана қоры толтырылып отырады. Биылғы жаңарып шыққан оқулықтар 2 - сыныптарға оқулық алынды. Сұраныс бойынша сыныптарға қосымша оқулықтар бөлінді. Оқушылар 100% оқулықпен қамтылды.

Кітапханада көптеген іс-шаралар өткізіліп, көрмелер ұйымдастырылады. Мектеп жоспарында кітап көрмелері, саптық жиындар, келіп түскен әдебиеттерді уақытымен тіркеу және өңдеу жұмыстары жүргізіледі.

Кітап қоры 2757, оқулықтар 2486.

2023-2024 оқу жылындағы қорға түскен жалпы кітаптар саны - 108, жалпы соммасы - 244346теңге. Оның ішінде

Жұмыс дәптерлері саны - 71, жалпы соммасы - 78204;

Кітаптар саны - 16 оқулық, жалпы соммасы - 59112;

Көркем әдебиет - 21, жалпы соммасы -107030теңге. (63560 теңгеге 12 дана қазақ тіліндегі көркем әдебиет және 43470 теңгеге 9 дана шет тіліндегі көркем әдебиет қорымызға келіп түсті).

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында көптеген жұмыс түрлері жүргізілді.

8 қараша оқырмандар бойында Отансүйгіштік, патриоттық сезімді қалыптастырып, елі мен жерінің салт-дәстүрін таныту мақсатында «Қазақтың салт-дәстүрлері» атты ақпараттық сағат өтіп, оқырмандар викториналық сұрақтарға жауап берді.



13 қараша - ұлттық валютамыз Теңгенің 30 жылдығына орай «Теңге - Тәуелсіздік нышаны» атты тақырыптық сөре жасалып, оқырмандар назарына теңгенің тарихы жайлы ақпарат берілді.



18 қараша - Мемлекеттік байрағымыздың авторы Шәкен Ниязбековтың туылғанына 85 жыл толуына орай «Шеберлік шыңына шыққан Шәкен Ниязбеков» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.



20 қараша - Дүниежүзілік балалр күніне орай «Ертегім неткен, мұратына жеткен» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.



4 желтоқсан Республикалық «Бір ел - бір кітап» акциясы аясында Парасат майдангері» атты библиомикс жасалды. Шара мақсаты жыл кітабы болып таңдалған Төлен Әбдіковтің шығармаларына қорытынды шолу жасау. Қатысушылар сұрақтарға жауап беріп, жыл бойы оқыған жазушы шығармаларынан алған әсерлерімен бөлісті.



2023 жыл Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 165 жылдығына орай 7 желтоқсан - Ынтымақ НОМ-де «Ғұлама ғұмыры - Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Шара барысында қазақтың көрнекті ақыны, тарихшы, шежіреші, аудармашы, қазақ әдебиеті мұраларын жинаушы М. Ж. Көпейұлының өмірі мен еңбектері жайлы мағлұматтар берілді.



Тәуелсіздік күніне орай 15 желтоқсан «Тәуелсіздік - ұлттық өркендеудің ұлы жолы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты үстел үсті ойыны ойнатылды. Шара мақсаты: патриоттық тәрбие беру, Отанды сүйуге және ерлікке баулу. Желтоқсан оқиғасында ел қамын жеген ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға және халқының тарихын білуге үйрету. Ойын барысында қатысушылар QR код астындағы сұрақтарға жауап беріп, білімдерін толықтырды. Шара соңында оқырмандарға тәтті сый таратылды.



“Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім - Бауыржан Момышұлы” атты кітап көрмесі. Көрмеде оқырмандар жауынгер жазушы өмірімен танысты.



Кітапханаға оқырман тарту, сонымен қатар кітап қорын насихаттау мақсатында ауылдық мектеп қабырғасына «Кітап - өмір ұстазы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде оқулықтармен қатар дидактикалық материалдар, Абай қара сөздерінен панорама, алты қырлы призма, ләпбук қойылды.



“Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз” акциясы



“Кітаппен үйлесімде” буклук



Қысқа ғұмырында өнегелі өмір сүріп артына жарық із қалдырған жазушы Саттар Асқарұлы Ерубаетың 110 жылдығына орай «Дархан дарын иесі - Саттар Ерубает» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрме инсталляция форматында жасалды.



8 ақпан «Кітаппен өмір шуақты» атты сауалнама сағаты өтті. Оқырмандар Мен ұнатқан шығарма... Менің сүйікті жазушым... секілді сұрақтарға жауап жазып, кітап оқудың пайдасы жайлы қызықты ақпараттармен танысып, жыртылған кітаптарды өңдеді.



“ДосболLike кітаппен” акциясы. Оқырмандар Мен ұнатқан шығарма... Менің сүйікті жазушым... секілді сұрақтарға жауап жазып, кітап оқудың пайдасы жайлы қызықты ақпараттармен танысып, жыртылған кітаптарды өңдеді.



1 наурыз - Алғыс айту күніне орай «Алғыс айту парызым» атты жылы жүрек акциясы ұйымдастырылды. Шара барысында оқырмандарға «Көктемгі көбелек» әдісі арқылы жылы лебіздер жазылған ашық хаттар таратылды.



14 наурыз көрісу күніне орай ауылымыздағы қазыналы қарияларымызға Қасиетті Рамазан айына арналған ораза кестесі, сүрелер жинағы, салауат жазылған парақтар жинақталып таратылды. Наурыз бата алынды. Кітапханада «Амал мереке - адал мереке» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.



2 сәуір Дүниежүзілік балалар кітабы күніне орай «Кітап- ғажайып әлем» атты танымдық сағат ұйымдастырылды. Шара Бір ел - бір кітап акциясы аясында таңдалып алынған балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасымен байланыстырылып өткізілді. Шара барысында тапсырмалар барабаны, үстел үсті ойындары, додакаэдр сынды ойындар ойнатылып, жазушының өмірі мен шығармашылығы бойынша сұрақтарға жауап алынды. Сонымен қатар оқырмандар кітапхана қорындағы балалар әдебиеттері беттерінен «Оқимыз, ойлаймыз,

ойнаймыз» айдары бойынша түрлі сұрақтарға жауап іздеп, жұмбақтар шешіп, мақал-мәтел, жаңылтпаштар айтып жарысты.



12 сәуір Ғарышкерлер күніне орай «Зымыранмен ғарышқа» атты танымдық сағат өтті. Шара барысында оқырмандар әр түрлі ойындар ойнап, сұрақтарға жауап берді.



9мамыр Ұлы Жеңіс күніне орай ұйымдастырылған “Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды” кітап көрмесі.



17 мамыр “Өзім оқыдым және өзгеге кеңес беремін” атты букроссинг ұйымдастырылды. Шара мақсаты жазғы демалыс алдында балалардың өзара кітап алмасып, кітап оқуға деген құштарлықтарын арттыру. “Әр бала оқуы тиіс 10 кітап” атты брошюралар таратылды.





“Ең үздік оқырман”, “Үздік оқырман” номинацияларымен жыл бойы кітапты жандарына серік еткен оқырмандар марапатталып, кубоктар табысталды.

